

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



Профессор С.Қ. Қозыбаевтың  
70 жылдық мерейтойы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы  
40 жылдық педагогикалық қызметіне арналған  
**«БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ОТАНДЫҚ ЖҮЙЕСІ.  
БАСТАМАЛАР. ҮДЕРІСТЕР. МҮМКІНДІКТЕР»** атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

26 қыркүйек 2014 жыл



## МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции  
**«ОТЕЧЕСТВЕННАЯ СИСТЕМА МАССОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ.  
ВЫЗОВЫ. ТЕНДЕНЦИИ. ПЕРСПЕКТИВЫ»**,

посвященной 70-летию со дня рождения и 40-летию  
педагогической деятельности в КазНУ им. аль-Фараби  
профессора С.К. Козыбаева

26 сентября 2014 г.



## MATERIALS

of the International scientific and practical conference  
dedicated to the 70th anniversary and the 40th anniversary  
of teaching activities in Al-Farabi Kazakh National University  
of professor S.K. Kozybayev

**«THE SYSTEM OF MASS COMMUNICATION IN KAZAKHSTAN.  
HALLENGES. TENDENCIES. PERSPECTIVES»**

September 26, 2014

**Ғылыми редакторлар:**

с.ғ.к., Ж.О. Кенжалин  
ф.ғ.к., доцент С.М. Медеубекұлы  
с.ғ.д., проф. Г. Сұлтанбаева

**Жауапты редакторлар:**

ф.ғ.д., профессор **Ш.И. Нұрғожина**  
ф.ғ.к., доцент **А. Әлжанова**  
ф.ғ.к., доцент **Ғ.Т. Майкотова**  
ф.ғ.к., доцент **А.А. Құрманбаева**

**Техникалық редактор**

Д. Байғожина

**Профессор С.Қ. Қозыбаевтың 70 жылдық мерейтойы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы 40 жылдық педагогикалық қызметіне арналған «Бұқаралық коммуникацияның отандық жүйесі. Бастамалар. Үдерістер. Мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26 қыркүйек 2014 жыл / жауапты ред.: Ш. Нұрғожина, А. Әлжанова, Ғ. Майкотова, А.А. Құрманбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 165 б.**

**ISBN 978-601-04-0859-3**

Жинаққа профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың 70 жылдық мерейтойы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы 40 жылдық педагогикалық қызметіне арналған «Бұқаралық коммуникацияның отандық жүйесі. Бастамалар. Үдерістер. Мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді.

Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар журналистика саласында жүрген БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілер, сондай-ақ оқытушылар мен студенттерге арналған.



**Сағымбай КОЗЫБАЕВ:**

*Когда болит голова, обращаются к врачу, когда болит душа – к журналисту. Есть целая армия людей, которые в любое время, в любую погоду, при любом настроении идут на человеческий зов, радостный или горький. Только справедливое, равнодушное, обнаженное для людского счастья и страдания сердца позволяет им делать это, дает им право носить гордое имя – журналист.*

\*\*\*

*Блажен тот, кто оставляет нам переметную сумку, наполненную не звонким серебром и никчемным скарбом, а мудростью и знаниями, исходящими от достигнутого перевала.*

\*\*\*

*Журналист – кто он? Подмастерье, писака, ценной пес демократии, литературная п-ка? Прости, Господи, как нас только не называют. Служанка, прислужница власти, зеркало жизни, голубой экран...*

\*\*\*

*Перо – острее меча. И возвращаясь к названию книги, я вновь и вновь повторяю: «Журналист это звучит гордо!»*

## ГУМАНИСТ ПРОФЕССОР

Өмірде жаны жайсаң, көңілі ақ, мейірімі шуақты жандар болады. Олармен жақындап, тілдесе кетсең, әңгіме желісі де жеңіл, өмірлік ойлары да жеп-жеңіл тартып, жадыраңқы көңіл сыйлайды. Ондай жандарды адамгершілігі жоғары деп атауға болады. Олар үшін «АДАМ» атты ұлы есім ең жоғары құндылық саналады.

Жалпы, гуманист деген кім дегенде сонау Қайта өрлеу дәуірін еске алуға туралы келеді. Адамзат өмірінде ғылым мен өнер, техника мен мәдениет өрлеген заманды ренессанстық гуманизм деуге келсе, онда біз өмір сүріп отырған тәуелсіз қазақ қоғамын қайта өрлеу кезеңін бастан кешуде деп батыл айтуға болады.

Гуманистік қоғамның тірегі, идеялық демеушісі болған зиялылар қатарында профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың есімі ерекше аталады. 70 жасын толтырған ғалым өзінің өмірлік-ұстаздық принциптеріне адал, ұстанымдарына берік.

Профессор Қозыбаев қоршаған ортасына жаңа ілім мен білімді юмормен де, әзілмен де, өмірлік пәлсапамен де шұрайлы тілдің тезіне салып жеткізетін дәріскер. Шәкіртіне әкелік мейірім мен достық ілтипат көрсете алатын жомарт жан.

Еліміздің бүкіл БАҚ нарығына 80 жылдан астам маман дарылап отырған алтын ұяның дәстүрлерін жадына сақтаған тәлімгер. Сексен жылдың тарихын сана атты таспасына көшіріп, факультет шежіресін мүлт жібермей баяндауға шебер ұстаз әлі де болса жадына берік. Оны гуманист, энциклопедист ғалым деп атауға толық негіз бар.

Алаштың ардақтылары дүниеге әкелген де, алаш зиялылары талай тер төккен Қостанай өңірінде дүниеге келген профессор-ұстаздың өмір тарихы қайталанбас шежіреге ұқсас.

Қазақ ғалымдарының арасынан суырылып шығып, Мәскеуде ғылыми еңбектерінің негізінде баяндама жасап, докторлық диссертациясын қорғаған ол заманынан озық, жаңашыл ғалым.

Қазақ журналистикасының мэтрі атанған Сағымбай Қозыбаев елімізде Қазақстан журналистика академиясының негізін қалады, бүгінде осы ұйымның Президенті.

Оның қаламынан мыңнан астам ғылыми әрі публицистік туындылар жарық көрді. Қос тілді еркін меңгерген ұстаз-ғалым шығармаларының басым бөлігін орыс тілінде жариялады. Оның шығармаларының басты ерекшелігінің өзі – орыс тілінде жазылуында. Тілі жеңіл, сөздік талғамы жоғары, тіркес құрамдары орайлы келетін Сағымбай ағаның әр туындысы шағын классикалық дүниеге тең. Журналист-публицистің қалымынан туындаған бірнеше циклдарға талдау жасағанды жөн көрдік.

«Лики времени» циклі журналистің өмір сүрген ортасы, аға буын өкілдері, замандастары жайлы шағын ғана көсемсөздерден тұрады. Жалпы, журналист естеліктерден тұратын эсселер жазуға машықтанған. Қозыбаевтың журналистік зертханасының ерекшелігі де заманын – шежіре, өмірін – тарих, ертеңін – болашаққа айналдырар ұстаханасында. Д. Қонаев, С. Сейфуллин, Қ. Сәтпаев, М. Барманқұлов, Ә. Әлімжанов, Т. Амандосов, Ш. Уәлиханов... бұл тізім қазақтың көрнекті қайраткерлері, журналистері, ғалымдарымен толығы бермек.

Журналистік сөз саптауында мін жоқ. Шағын ғана сөйлемдер. Қысқа ғана ой оралымдары. Тауып айтылған теңеулер, үндескен метафоралар. Оқырманын еліктіре де, еркелете де, ой сала да алатын журналистің естелік-эсселері асылдың сынығындай таза, жинақы, құнды.

Журналист-публицист туындыларын қазақ тіліне аудару күн тәртібінде кезегі келгендей. Жас журналистер буыны профессордың тағылымға, мәнге толы туындыларын төл тілінде оқып, сөз құдіретін түсіне, сезіне білетін уақыт та келді. Оның: «Қонаев для многих и сегодня остается, скажем так, мини-богом», «Сейфуллин был красив, как Бог», «Эффективная внешность буковевского хана, гордый лик сибарита, пронзительный взгляд» сияқты сөйлем саптауларын қазақ тілінде сөйлету екінің бірінің қолынан келе бермесі анық.

Журналистің мен сүйіп оқыған «Взгляд», «Там, за горизонтом», «Имя в истории», «Этюды на полях» секілді циклдарының әрбірінде өмір, қоғам, адамгершілік, достық, замана, тарих жайлы эссе-толғауларын атауға болады. Журналист толғанбай дүние жазбайды. Оның әрбір туындысында өмірдің ағысы, жүректің соғысы, замана тынысы сезіліп, сөзбен өріліп жатады.

Журналистің жолсапар эсселері де бірқатар. Оның қаламынан Ресей («Питер», «Другая Русь»), Украина («Ночи Украины»), Түркия («Азан у Европы»), Германия («Любовь и гармония»), Таиланд (Сиам), Америка («Трость и небо»), Сингапур («На пути к экватору») ел мен жер, адам мен

қоғам жайлы іссапардан түйіп қайтқан әсерлері мен ойлары тізбектеледі. Жай ғана тізбектелмейді. Оқиға журналистің маңында басталып, өрбіп, аяқталады. Журналист туындыларында параллелизм сарындары басым. Сонау Еуропа не Америка, Түркия не Шығыс Азия жайлары әсерлі баяндау туған елге деген сағынышпен араласып, теңесе кетеді. Елінің ұлы, отанының азаматы атану журналистке басты сын. Міне, осы сыннан мүдірмей өткен журналистің туындыларында сиямен тараған күш бар, қуат бар.

Профессор, журналист, ұстаз-ғалым С. Қозыбаевтың бізге танылмаған әлемі бар. Бір қарағанда сондай ашық, сондай жұмсақ профессор кейде ұзақ ойға шомады. Журналист ретінде тандаған кәсібінің мэтрі атанған, ғылым жолында тың да инновациялық қадам жасаған профессор, көсемсөздерін жиып, теріп баласындай қызғыштай қорып, оқырманымен бөлісуге асығатын көсемсөздің шебері. Қозыбаев әлемін зерттеу – уақыт ұсынған, замана сыйлаған миссия. Бұл бағытта профессордың шәкірттері алда талай зерттеулер жүргізіп, ғылыми ортада тың дүниелер ұсынары сөзсіз.

Н.Шыңғысова  
филология ғылымдарының докторы

## ЖУРНАЛИСТ БОЛЫП ТУҒАН ТҮЛҒА

Барлық шығармаларының кейіпкері – өзі. Өнегелі өмірін кітаптарына арқау еткен. Жүрегінен жарып шыққан ұтымды пікірлері өмірлік көрген-түйген мол тәжірибесінен бастау алып жатса, тың идеялары, жаңашыл бастамалары қазақ журналистикасына деген қамқор көңілінен туындап жатады. Сүбелі еңбектер... Тартымды тақырыптар...

Қырық жыл бойы табан аудармастан журналистика факультетінде еңбек етіп, кәсіби журналистер дайындауға, қазақ журналистикасын дамытуға үлкен үлес қосқан ұстаз, ғалым, қайраткер Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев туралы айтылар естеліктер аз емес. Өмірлік ұстанымын «Адамгершілік» деген ұғыммен тығыз байланыстырған ғалым қашан болмасын тек адалдық пен әділдікті жақтайды. Шәкірттерінің университет қабырғасынан кейінгі кәсіби қызметін бағалап, жеңістері мен жемістеріне жүрегі жарыла қуанып, сәтсіздіктері болса, қосыла ренжіп, қуаныш пен қайғысын қатар бөліседі.

Қазақстан журналистерінің барлық буынын тәрбиелеуге үлес қосқан ұстаз шәкірттерін қабілетіне қарай бағалайды. Ақпараттық ғасырдағы журналистиканың мақсат-мұратын жүзеге асыратын «ойлы журналистердің» қатары сиреп қалмаса деген пікірін бүркемей ашық айтады. Расында қазіргі ақпараттық технологияны терең меңгергенімен, тек жалаң ақпаратты жеткізуші рөлін орындау бұл кәсіптің жүгін жеңілдетіп жібермей ме? Жетінші кітабында «Журналист болып туа ма, әлде қалыптаса ма?» - деп сауал тастаған ғалым-ұстаз бұл сауалына тоғызыншы кітабында: «Настоящий журналист – он открыт всем ветрам, имеет собственное мнение, принципиален в оценках и суждениях, безошибочен в поиске болевой точки темы», - деп толымды жауап береді.

Ғалым-ұстаздың бай шығармашылық әлеміне сүңгіп шыққан кімде-кім Қазақстан журналистикасының даму кезеңдеріне куә болады. «Отандық журналистика» сериясынан туындап жатқан ізгілікті ойлар, жаңа деректер, журналистиканың қыр-сырына бойлатып, мамандықты жаңа қырынан танытады.

Ғалым қаламынан туған еңбектердің бір бөлігі өңірлік журналистиканың өзекті мәселелерін қозғайды. «Конечно, сейчас региональная пресса иногда просто выживает. Она дотационная, и вот здесь есть повод для размышлений – как помочь этой прессе? Здесь много серьезных проблем», - деуі оның аймақтық журналистика тағдырына бей-жай қарамайтындығын көрсетеді. Отандық журналистиканың дамуына үлес қосқан өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарын «Алтын жұлдыз» сыйлығымен марапаттауы қоғам қайраткерінің тегеуріндей қағидасын бетке ұстап, әділдікке жүгінгендігінің айғағы. Журналистика Академиясының марапаты арқылы өңір журналистерін ынталандырып, кәсібіне деген қызығушылығын арттыру, журналистердің еңбегіне құрметпен қарауды қалыптастыру ізгілікті мақсатын орындап келеді.

Ғалым қаламынан туған журналистиканың тарихына қатысты құнды дүниелер шежірелі кезеңдердің куәсі іспетті. С. Қозыбаевтың редакциялығымен жарық көрген «Журналистика Казахстана» энциклопедиясы журналистика факультетінің студенттеріне аса пайдалы еңбек. Өңірлік газеттердің тарихын түгендеп, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары болып саналатын газеттердің тұңғыш нөмірін мұрағаттардан іздеп, табу, сарғайған беттерін сараптау оңай емес. Осы

тоймай келеміз. Ойын емес қой тоймайтын әрине, бірақ, қастерлі дүние ол. Кеше де болған, бүгінге де жеткен. Болашаққа да баратын асыл мұра...

Абай мұражайынан кейін «Жас Отан» жастар қанатының ғимаратында Семейдің белсенділерімен кездесіп, әлеуметтік мәселелер жөніндегі ойларымызды ортаға салып, пікірлестік. Бұл қаланың жастары сөзден гөрі істі сүйеді. Нықтап айтқан құр сөзден, көзге көрсеткен бір істі артық санайтынын айтпай-ақ білдік. Қаланың бар бөлігінде жастар қызмет етіп жүрген секілді көрінеді. Мұндай жастар комитетінің жұмысын өзге қаладан көре алмайтын да шығарсыз. Дәл осындай жастарға Қазақстандық жастар істерін басқаруды тапсырса да болатындай.

Келесі аялдама М.О.Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжі. Атынан да сезген боларсыздар, ұлы Мұқаң оқыған жер. Ол білім алған аялы орта. Мұнда Мұқаңнан бөлек Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Шәкен Айманов, Әзілхан Нұршайықовтар оқыған. Киелі топырақты жер болса керек-ті. Әрқайсысы қазақтың маңдайына біткен алтын ұлдар.

Осы жылы қазақ футболының 100 жылдығын тойлап жатырмыз. Ал, сол ала доптың алаңы шыққан жері осы оқу орны болатын. Мұхтар Әуезов құрамында ойнаған «Ярыш» футбол командасы осында құрылды. «Футбол - менің бұзылмайтын намазым» деген екен Мұқаң. Ардақты тұлғаның шаршы алаңда алғаш доп тепкеніне де ғасыр уақыт болыпты.

Ұлыларымыз білім алған ордадан шығып, қаланың шетіне жол тарттық. Семейдің сырт жағында орналасқан «Өлімнен де күшті» монументі алыстан бой көтеріп тұрды. Жанында бейбітшілік ескерткіші серік болып тұр. Осы бақтың ішінде ғана әлемде жоқ «Мэрлер бейбітшілік үшін» атты пирамида орналасқан. Бұл жерде үш тілде жазылған сөз бүкіләлемдік мэрлер пікірінің ортақтығы, олардың қолтаңбасы іспетті.

Кешке орталық саябақта әуен ойнап, көңілді жастар шеруі де басталып кетті. Денемізге «Алматы-Семей. Қазақ елі» деген сөздерді жаздырып алып, одан соң жас домбырашылардың күй шашуларына да куә болдық. Қаланың түрлі жастар ұйымдары атсалысқан шара өз деңгейінде өтті.

Осынау естен кетпес ерекше көріністерден соң Семейдің жаңа көпіріне келдік. Түркиядағы көпірдің нақ өзі сияқты, алыстан да әдемі көрінеді. Сансыз суреттер түсіріліп, сансыз пікірлер білдіріп жаттық. Шын жүрегімізден...

Осы күнгі жұмыс барысын жай ғана қазақшалап «жүгіріс» десек те болатындай, десе де, есте қалғаны да, ескере жүретініміз де мол болған секілді.

**23-шілде.** Ертесіне автобуска мініп Астанаға жол тарттық, Ақтауға тікелей рейс те, Қызылордаға тікелей поезд да таппаған бізді алда 15 сағаттық автобус жолы, Астананы аз да болса аралап, сұлулығына тағы бір тәнті болу және 2,5 сағаттық ұшақ күтіп тұрған еді...

## МАЗМҰНЫ

<b>КЕНЖАЛИН Ж. ӘУЛЕТ ДАҢҚЫН ӘСПЕТТЕГЕН АЗАМАТ</b> .....	7
<b>БЕКНИЯЗОВ Т. ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ СӘКЕҢ</b> .....	8
<b>СҰЛТАНБАЕВА Г. ГУМАНИСТ ПРОФЕССОР</b> .....	10
<b>ШЫҢҒЫСОВА Н. ЖУРНАЛИСТ БОЛЫП ТУҒАН ТҮЛҒА</b> .....	11
<b>ҚАБЫЛҒАЗИНА К. ТАҒЫЛЫМДЫ ТҮЛҒА</b> .....	12
<b>АҒЫБАЕВ Қ. ЕРЛІК ТУРАЛЫ ДАСТАН</b> .....	15
<b>ҚҰРМАНБАЕВА А. ЖУРНАЛИСТЕР ТӘЛІМГЕРІ ӘРДАЙЫМ БИІКТЕ</b> .....	18
<b>СӘБИТОВ Н. ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЫЛЫ ЖҮРЕГІ</b> .....	21
<b>ОРЫНБАСАРҰЛЫ С. АҚЫЛДЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>БОЛУЫ ТИІС</b> .....	22
<b>ӘЛ-ХАЛЕЛ ҚАРПЫҚ. САҒЫМБАЙ ШЫҚҚАН ШЫҢ,</b> <b>ҚОЗЫБАЕВ АСҚАН БЕЛЕС</b> .....	26
<b>КӨКЕНОВ С. ҚАЗАҚТІЛДІ БАҚ КЕЗ КЕЛГЕН ТАҚЫРЫПҚА БАРА БЕРЕТІН</b> <b>ӘМБЕБАП СИПАТҚА ИЕ БОЛЫП КЕЛЕДІ</b> .....	28
<b>ҚАБЫЛҒАЗИНА К. ЖУРНАЛИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗОР ҮЛЕСКЕРІ</b> .....	31
<b>УАНАСОВА Д. ЖУРНАЛИСТ ИМИДЖІ ӨЗ ЕҢБЕГІМЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ</b> .....	33
<b>МУХАТАЕВА К. МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ISSN АҚПАРАТТАР ЖҮЙЕСІ</b> .....	34
<b>ОШАНОВА О. ТЕЛЕЖАРНАМАНЫҢ БАЛАЛАРҒА БЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ</b> <b>ҚҰҚЫҒЫН ЗАҢМЕН ҚОРҒАУ</b> .....	38
<b>ӘБДИЕВА Р. КІТАП ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН</b> <b>АЙҚЫНДАУ</b> .....	41
<b>ТОҚСАНБАЕВА Н. ОҚЫТУДЫҢ жаңа ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН МЕНДЕРУ –</b> <b>ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ</b> .....	44
<b>ХӘКІМОВА Т. ЖУРНАЛИСТ МАМАҢДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ</b> <b>САНДЫҚ ҚОЛ ҚОЮ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ</b> .....	47
<b>ӨЗБЕКОВА Г. КІСІЛІК ПЕН КІШІЛІК ИЕСІ</b> .....	50
<b>МЕРГЕНБАЕВА Қ. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР</b> .....	51
<b>РУШАНОВА Н. ЭКРАН МӘДЕНИЕТІ</b> .....	52
<b>ӘЛҚОЖА Б. ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ, ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ</b> <b>ГАММАЛЫҚ МӘТІНДЕР</b> .....	54
<b>ҚЫДЫРМАНОВА С. «ӨЗІН – ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> .....	61
<b>МАЛДЫБЕКОВА Г. М. ӘУЕЗОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ /«Көксерек»</b> <b>әңгімесінің тақырыбы мен идеясы/</b> .....	63
<b>ӨЗБЕКОВА Г. САТИРА ТУРАЛЫ</b> .....	69
<b>БАЛТИЕВА Х., ГУЛАМОВА М. ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІНДЕГІ</b> <b>ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ</b> .....	72
<b>АЛҚАМОВА Г. ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ</b> <b>ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ</b> <b>ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ</b> .....	75
<b>ЧЕКЕТАЕВА Р., ОРАЗБАЕВА А. ҚҰМАШ НҮРҒАЛИЕВ - ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІН</b> <b>АҚПАРАТТАНДЫРУШЫ, жаңашылдықтың ЖАРШЫСЫ</b> .....	78
<b>ҚҰРМАНАЛИНА Н. ИНТЕРНЕТ АҚПАРАТТЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕГІ</b> <b>МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ</b> .....	79
<b>ӘЛБАТЫРҰЛЫ І. ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАҢУДА ЖАС БУЫННЫҢ ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?</b> .....	82
<b>ДАРХАНБАЕВА М. СПОРТТАҒЫ PR: ОРНЫ МЕН РӨЛІ</b> .....	84
<b>ТОҚШЫЛЫҚОВА А. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ДІН МӘСЕЛЕСІНІҢ</b> <b>ЖАЗЫЛУЫ</b> .....	90
<b>ФАЙЗОЛЛА А. ҰЛТТЫҚ ТЕКТІЛІК ЖАЙЫНДА БІРЕР СЫР</b> .....	92
<b>ЛЕСКЕНҚЫЗЫ К. «АЛМАТЫКІТАП» БАСПАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?</b> .....	93

## СОДЕРЖАНИЕ

БЕЛЬГЕР Г. ГОРДОЕ ИМЯ – ЖУРНАЛИСТ .....	95
КОЗЫБАЕВ С. ЭТЮДЫ НА ПОЛЯХ .....	96
НУРГОЖИНА Ш.И. НЕ ВСЯ НАША ЖИЗНЬ – БЕЗОБЛАЧЬЕ... (ПРОФЕССОР С.К. КОЗЫБАЕВ КАК ГРАЖДАНИН И КАК УЧЕНЫЙ) .....	105
БЕКХОЖИН Е. ТАК ДЕРЖАТЬ, САКЕ! .....	107
БАЙТАСОВ А. В СВОБОДНОМ ПОЛЕТЕ - С САГЫМБАЕМ КОЗЫБАЕВЫМ .....	108
ГАЛКИНА Г. ВРЕМЕН И СУДЕБ ВЛАСТИТЕЛЬ .....	109
ДОБРЫНИН А. «МЫ ПРИЗВАНЫ ВЕРНУТЬ УВАЖЕНИЕ К НЕЛЕГКОМУ ТРУДУ ЖУРНАЛИСТОВ» .....	113
ИМИНОВ И. РЫЦАРЬ СЛОВА САГЫМБАЙ КОЗЫБАЕВ .....	114
ЛЕСКОВСКИЙ Э. БРАВО, МЭТР! КАКИЕ НАШИ ГОДЫ! .....	116
ТОКОБАЕВ М. ЗОЛОТАЯ ПТИЦА САГЫМБАЯ КОЗЫБАЕВА .....	118
УСТАБЕКОВ С. САГЫМБАЮ КОЗЫБАЕВУ! .....	119
АХМЕТОВА С. МАЭСТРО МЕДИЙНОГО ОРКЕСТРА.....	119
БАРЛЫБАЕВА С. МАСС МЕДИА: ГЛОБАЛЬНЫЕ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ .....	122
АДИЛЬБЕКОВ С. ЛИКИ ВРЕМЕНИ В ЗЕРКАЛЕ ЖИЗНИ САГЫМБАЯ КОЗЫБАЕВА.....	124
ВЕЛИТЧЕНКО С. НАЦИОНАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ МЕДИАОБРАЗОВАНИЯ В ТРАНСМЕДИЙНОМ КОНТЕКСТЕ .....	126
ДУДИНОВА Е., МУХАМАДИЕВА Л. ПРОФЕССОР, КОТОРЫЙ ОТКРЫВАЕТ ДВЕРИ В «МИР ЖУРНАЛИСТИКИ» .....	128
НОДА Л. НАШ УЧИТЕЛЬ КОЗЫБАЕВ .....	130
КЕНЖЕГУЛОВА Н. ЭССЕИСТ-РАССКАЗЧИК ОТ БОГА .....	131
МУКАНОВА М. СМИ И ВЫЗОВЫ ИДЕНТИЧНОСТИ: МОБИЛИЗАЦИЯ ИЛИ ОПОЛЧЕНИЕ? .....	132
АРГЫНБАЕВА М. ТАЙНАЯ ИСТОРИЯ ШОКАНА УАЛИХАНОВА.....	134
БОРЕЦКИЙ О. СВОБОДА И ОТЧУЖДЕНИЕ ОЦИФРОВАННОГО МИРА.....	137
МУСИНОВА А. НОВЫЙ МУЗЫКАЛЬНЫЙ КАНАЛ GAKKU .....	139
МУХАМБЕДЬЯРОВА А. ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННОГО ПРОСТРАНСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	141
ЕСХУАТОВА Н. САГЫМБАЙ КАБАШЕВИЧ КОЗЫБАЕВ – НАСТАВНИК И ЛОВЕЦ СОБЫТИЙ .....	145
KARIBAYEVA A. WORD "CULTURE": INTRODUCTION, USAGE AND DEFINITION .....	146
СКРИПНИКОВА А. СИСТЕМА ПОЛИЯЗЫЧНЫХ СМИ КАЗАХСТАНА: ЦИФРЫ, ФАКТЫ, КОММЕНТАРИИ.....	147
ЖАНАБАЕВ М. ОТДЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВА ЖУРНАЛИСТА НА ВОЗМЕЩЕНИЕ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА .....	152
КУЗЕРБАЕВА А. ЖЕЛІЛІК КОММУНИКАЦІЯДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ САНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДІ КОНТЕНТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	156
ӘКІМ А., ӘБІТАЙ А. ЖЕТІШАТЫР ҚАЛАСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТЕРІ.....	160

*Ғылыми басылым*

**Профессор С.Қ. Қозыбаевтың  
70 жылдық мерейтойы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы  
40 жылдық педагогикалық қызметіне арналған  
«Бұқаралық коммуникацияның отандық жүйесі.  
Бастамалар. Үдерістер. Мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-  
тәжірибелік конференция материалдары**

*26 қыркүйек 2014 жыл*

**ИБ №7530**

Басуға 25.09.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.  
Көлемі 13,4 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1771.  
Таралымы 60 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.